

## Шымкент қаласының жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің тізбесін бекіту туралы

Шымкент қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 31 шілдедегі № 1875 қаулысы. Шымкент қаласының Әділет департаментінде 2023 жылғы 31 шілдеде № 190-17 болып тіркелді

"Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 10-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Шымкент қаласының әкімдігі  
**ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шымкент қаласының жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Шымкент қаласының қалалық жайлы ортаны дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Шымкент қаласының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны оның ресми жарияланғаннан кейін Шымкент қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Шымкент қаласының әкімі*

*М. Айтенов*

Шымкент қаласы  
әкімдігінің 2023 жылғы  
"31" шілдедегі  
№ 1875 қаулысына  
қосымша

## Шымкент қаласының жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің тізбесі

№	Объектілердің атауы	аумағы, га
Мемлекеттік зоологиялық парк		
1	Шымкент мемлекеттік зоологиялық саябағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	29,25
Мемлекеттік дендрологиялық парк		
2	"Асанбай Асқаров" атындағы Шымкент мемлекеттік дендрологиялық саябағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	117,04

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК